

## ЗАҢДЫЛЫҚТЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ТӘЖІРИБЕЛІК НЕГІЗДЕРІ

*Бирманова А.И., ҚарУ мемлекет және құқық теориясы мен тарихы кафедрасының PhD докторы, Қарағанды қаласы, Қазақстан Республикасы*

*Рахымжанов Д.Б., ҚарУ мемлекет және құқық теориясы мен тарихы кафедрасының магистранты*

Заңдылықты жетілдіру – тәуелсіздіктің берік іргетасы. Зайырлы Қазақстан заңнамасының дамуы мен жетілдірілуі республикамыздың жаңа мемлекеттігі қалыптасуының күрделі үрдісін көрсетеді дегені дұрыс болар. Шынында да, Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген Конституциясы еліміздің конституциялық дамуына жол салып берген аса маңызды мемлекеттік-құқықтық құжат болып табылады.

Конституциялық тұрғыдан баянды етілген ең басты мәселелер – мемлекеттік биліктің бірыңғайлылығы, оның Конституция негізінде биліктің заң шығарушы, атқарушы және сот тармақтарына бөліну принциптеріне сай жүзеге асуы және ол тармақтардың өзара байланысы. Қазақстан Республикасы Конституциясының идеяларын, принциптері мен нормаларын ғылыми һәм құқықтық талдау оның экономикалық, әлеуметтік саяси және рухани өрлеуі үшін күш-жігер берер қуатқа толы екенін айғақтайды. Егемен еліміздің жаңа Ата Заңының теориялық һәм құқықтық қырларын айтқанда, қайталамай-ақ, оның мемлекеттік өмірдің бар саласын конституциялық заң негізінде жүзеге асыруға тиіс елеулі өрістерін реттеп отыратын оң да оңтайлы тұстары жетіп артылатынын атап айтуға болады. Алайда, бұдан қазіргі конституциялық заң жаппай мойындалған талаптардың бәріне бастан-аяқ жауап береді деген пікір тумасқа керек. Сондықтан мәселенің осы жағына баса назар аударсақ деген ой бар[1,26].

Әлбетте, бұл арада, таяу уақытта заң жағдайын ойлағандай биікке жеткізе қоямыз деу әділдік болмас еді. Асылы, осынау күрделі мәселеге Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі ғана заң тұрғысынан жауап беруге тиіс. Өйткені негізгі Заңымыздың 72-бабына байланысты конституциялық нормаларды ресми пайымдап, түсіндіріп отыру соның ғана мәртебелі міндеті[2].

Мына мәселеге де соға кеткен артық болмас. Конституцияның 4-бабының 3-тармағына орай республика бекіткен халықаралық шарттар заң алдында артықшылықтарға ие болып, тікелей қолданыла береді. Тек кейбір шарттарды қолдану үшін, заң шығару қажет боп қалған жағдайда болмаса, оның орындалуына бөгет жоқ. Осы орайда бізде бірер сұрақ туады. Біріншіден, аталмыш жағдайда “заң” деген ұғымға Конституция кіре ме? Екіншіден, Конституцияның Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарға жоғары заң күші жүре ме? Ол үшін Конституциялық Кеңестің арнаулы түсінігі керек сияқты.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 32-бабына сәйкес Республика азаматтары қарусыз, бейбіт жиналып, жиналыстар мен митингілер, демонстрациялар, шерулер ұйымдастыруға қақылы[2]. Ал ағынан жарылып, ашығын айтсақ, Ата Занда тікелей жазылған бұл тәртіп іс жүзінде орындала бермейді. Кейде жиындар қоғамдық қарсылыққа да ұласып кетеді. Сондықтан аталмыш баптағы қағидаға бұл құқықты асыра пайдалану мемлекет қауіпсіздігі мен құқықтық тәртіптің сақталуы, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғалуы мүддесіне орай заң арқылы шектелуі де ықтимал деген түсініктеменің берілуі тіпті де тегін емес. Көріп отырғанымыздай, қоғамдық үрдіске деген құқықтың өзі Конституциямыз бен басқа да заң актілерінде жеке-дара аталмайды да, билік етуші құрылымдар оның ішінде құқық қорғау органдары тарапынан оған албатты қарау мен өзімбілемдікке салынудың алғы шарттары байқалады. Демек, конституциялық принцип ретінде конституциялық тәртіпті бұзбайтын қоғамдық қарсылық оқиғаларын заңи бейберекеттік деп қарауға болмайды.

Демократиялық, құқықтық мемлекетте ең биік құндылық – адам, оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары екені айдан анық. Ата Заңның “Адам және азамат” II

тарауы да осыған орайлас. Конституция мәтінінде адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтары туралы аз айтылмайды. Сондықтан осы тарауды “Жеке адамның құқықтық мәртебесі” деп атаған дұрысырақ болмас па еді деген ой келеді. Өйткені адам антропологиялық ұғым да, азаматтық дегеніміз кісінің бәзбір мемлекетке нақты тиесілігін білдіреді ғой.

Жеке бас түсінігі адамды қоғамдық құбылыс ретінде сипаттайды, ол сондықтан да құқық ұғымының өзекті буыны болып табылады. Жеке адамның құқықтық мәртебесі деген ұғымның ұлан-ғайырлығы сондай, оны күні бүгінге дейін бірде-бір Конституция жоққа шығара алған емес. Сондықтан өмірде қолданылып келе жатқан Конституциялардың бәр-бәрінде әдеттегідей жеке адамның құқықтық мәртебесінің арналы принциптері мен азаматтардың негізгі құқықтары мен бостандықтары алдымен бекітіледі. Адам құқығына деген көзқарасты ауыстырып алудың бірсалдары әлеуметтік технологиялық сипаттардың бар байлығымен айшықталған толыққанды тұлғаның қоғамдық абырой-беделі емес, жеке адамның мүддесіне, талап-тілегіне, мұң-мұқтажына көбірек назар аударуға әкеп соғады, тәуелсіздік, кісілік, өзін-өзі сыйлау, әділетке ұмтылу сияқты сезімдер ысырылып қалады.

Қазақстанның қолданыстағы Конституциясында Ата заңның Қазақстан Республикасының күллі аумағында жоғары заңдық күші және тікелей ықпалы бар деген қағида (4-баптың 2-тармағы) тұжырымдалған. Бұл Республика Конституциясына сай келмейді деп табылған заңдар мен өзге де актілерді қол қойып, іске қосуға болмайды деген сөз емес пе?! Сонда Республиканың заң күші бар конституциялық заңдары Президенттің жарлықтары қалай болмақ? Олардың заңдық күші бар ма? Қазақстан заңнамасы бұл жайында тіс жармайды. Конституциямыздың 62-бабында да бұл туралы түсінік берілмеген. “Парламент Республиканың күллі аумағында міндетті күші бар... заң актілерін қабылдайды” деп қоя салған. Шынтуайтқа келгенде, басқа да құжаттардың, атап айтқанда Парламент пен оның палаталарының, Үкімет қаулыларының, Президент жарлықтары мен өкімдерінің де міндетті күші бар екені белгілі. Сондықтан да осылардың бәрін мәтін тұрғысынан бір ізге келтіріп, “жоғары заңдық күш” пен “міндетті күш” дегендердің ара-жігін ажыратқан абзал. Заңның жоғары заңдық күші дегеніміз Республика Конституциясына сәйкес барлық заңдар мен жарлықтардың басқа да актілердің заңдық үстемдігі. Басқаша айтқанда, заңның үстемдігі, құқықтық мемлекет заңының басымдылығы негізделген арналы принципі. Ал заң актілерінің міндетті күші дегеніміз заңның үстемдігін мойындау, оның күшіне енгенін көрсету. Қолданылып жүрген заңдарға сәйкес мемлекеттің нормативтік актілерінің жариялануы оның күшіне енуінің қажетті шарты болып табылады. Заңдардың, үкімет және ведомство актілерінің күшіне енуі оның ресми жариялануына байланысты. Қазақстан Республикасының заңдары үкімет қаулылары мен өкімдері қол қойылғаннан кейін ғана күшіне енеді. Сол сәттен бастап оны Республика аумағында тұратындардың бәрі орындауы шарт. Демек, “жоғары заңдық күштің” “міндетті күш” ұғымынан мағыналық өрісі кеңірек. Сондықтан заңдарды жарлық, қаулы сияқты басқа құжаттармен салыстыруға болмайды. Бұл болашақта заң әзірлегенде жан-жақты ескерілуге тиіс.

Аталған заңдылық мәнін түсіну күрделі қарапайым құрылыммен жүйелік құрылу ретінде оның мазмұны туралы айтуға мүмкіндік береді, олар арқылы заңдылық түсінігінде сипатталатын құбылыс белгілерін тасушы мәндермен қорытындыланады. Олар өз бірлігінде «заңдылық» санатын құрады, ал оны талдау заңдылық белгілерін анықтауға мүмкіндік береді.

«Заңдылық» санатының элементтеріне жататындар:

а) теориялық-әдістемелік мазмұнды құрайтын идеялардың, көзқарастарды және принциптердің жиынтығы, заңдылық теориясының дүниетанымдық негізі, олар аталған санаттың мағынасын және белгісін құқықтық құбылыстар жүйесінде біріктіруді іске асырады;

б) мемлекеттік және қоғамдық дамудың мақсаттарын және қажеттіліктерін білдіретін, қолданыстағы заңнаманы қатаң және мүлтіксіз сақтау және орындау жүйелерін құрушы талаптар;

в) заңдылықтың нормативтік негізі – құқық.

Заңдылық – мемлекет аумағында қолданыстағы барлық нормативтік құқықтық актілердің құқықтарын барлық субъектілердің нақты, қатаң және мүлтіксіз сақталуы және орындалуы [3,6].

Заңдылық құқықтық мемлекетті қалыптастыру процесін және әлеуметтік әділеттік идеяларды жүзеге асыруды сипаттайды.

Заңдылықтың құрылымдық элементтеріне жататындар:

- мақсат – қоғамдық қатынастарға барлық қатысушылардың құқық нормаларын қатаң және мүлтіксіз сақтауына және орындауына жетуі;

- көзқарастар мен принциптер – заңдылықтың мазмұны және теориялық-дүниетанымдық негізі;

- құралдардың, әдістер мен талаптардың жүйесі, олардың көмегімен заңдылық идеяларын және бастамасын іске асыру өтеді.

- заңдылық элементін байланыстыратын, оның әлеуметтік табиғатын анықтайтын – адамның дәлелді қызметі;

- қоғамдық қатынастар субъектілерінің тәртібін бағалау критериялары – қолданысағы заңнамалар;

- заңдылықтың заң негіздері – қатынасқа қатысушылардың құқығы және заңды тәртібі[4,22].

Заңдылық қызметінің әдісі ретінде заңдылықты түсіну кезінде заңдарды жүзеге асыру формаларымен теңдестіріледі. Алайда заңдылық – жүзеге асыру әдісі емес, ол заңдарды жүзеге асыруға келісілген қоғамдық қатынастардың жағдайы.

Заңдылықтың мәні - құқықтың барлық субъектілері азаматтармен, лауазымды тұлғалармен, мемлекеттік және қоғамдық ұйымдармен заңдарды және заңға қосымша актілерді нақты және мүлтіксіз сақтаумен, орындаумен және пайдаланумен қорытындыланады.

Заңдылық мағынасы екі элемент заңдардың болуын және заңдарды жүзеге асырылуын енгізеді. Алайда заңдар тап мұндай заңдылық мазмұнына кірмейді. Олар заңдылықтың нормативтік негізі болып табылады. Бұл ретте заңдардың құқықтық сипатының болуы, яғни биліктің басынушылығы емес бүкіл халықтың мүддесін білдіруі қажет.

Ғылымда заңдылық қандай субъектілерге жатқызылатыны туралы мәселеге әртүрлі ықпалдар бар. Бір көзқарастың өзі яғни заңдылық мемлекет органдарының әрекет саласымен шектелегінінен тұрады, мемлекеттік аппараттың лауазымды тұлғаларына және қоғамдық бірлестіктерге өтініш білдірілді, бірақ азаматтарға жатпайды. Басқалары азаматтар да заңдылық саласына түсетінін тұжырымдайды.

Заңдылық келесі негізгі белгілермен сипатталады:

1. Қоғамда және мемлекетте болып жатқан саяси-құқықтық процестермен заңдылықтың себеп-салдарлық келісілгендігі;

2. Мемлекетті дамыту мақсаттарын және оларға жету жолын білдіретін заңдылық талаптарының жалпыға бірдейлігі және жалпыға міндеттілігі;

3. «Заңдылықтың» жинақы мазмұнында түсіндірілетін дерексіздіктің жоғары деңгейі;

4. Заңдылықтың объективті сипаты;

5. Кез келген құқық бұзушылыққа тиімді жол бермеу және құқыққа қайшы әрекеттер үшін жазаның қолданылмай қалмайтындығын қамтамасыз ету;

6. Қолданыстағы заңнаманың ұйғарымдарына сәйкес заңдылықты қорғау жөніндегі мемлекеттік функцияларды жүзеге асыру[5,8].

Заңдылықты түсіну мазмұнына қатысты жасалған қорытындыларды растау ретінде оның қағидалары қолданылуы мүмкін. Қағидалар – ол заңдылықтың тәртіп себептерін

және заңдарды сақтау қажеттігі бойынша субъектілердің ішкі пікірлерін қалыптастырудағы бастапқы кезең. Олар қоғамдық дамудың заңдылығымен келісілген.

Заң әдебиеттерінде құбылыстың мәні келесі қағидаларда біршама сәйкес қамтылады:

- 1) заңдылық бірлігі;
- 2) азаматтардың негізгі құқықтарының және бостандығының кепілділігі;
- 3) жасалған құқық бұзушылық үшін жазаның қолданылмай қалмауы;
- 4) заңдылықты және мақсаттылықты қарсы қойып салыстыруға жол бермеу;
- 5) заңдылық пен мәдениеттіліктің өзара байланысы[6,29].

Заңдылық бірлігі – негіз болатын қағида. Нормативтік-құқықтық акті түрлерінен, құқықтық қатынастарға қатысушылардан және ықпал ету объектілерінің сипатынан тәуелсіз әлеуметтік қатынастарды құқықтық реттеуді теңестіруден тұрады. Бұл жерде субъектілі-объектілі және кеңістіктік-уақытша өлшемдерде теңдікке қол жеткізу туралы сөз қозғалады. Аталған принципті табысты іске асыруда заңдылықтың шынайы жағдайы тәуелді.

Азаматтардың негізгі құқықтары мен бостандықтарының кепілділігі – ол заңдылық қағидасы ғана емес әрі құқық қағидасы. Заңдылық деңгейін арттыруда аталған қағиданың рөлі жеке және топтық мүдделер маңыздылығымен, оларды күнделікті өмірде жүзеге асырумен қорытындыланады.

Заңдылықты және мақсаттылықты қарсы қойып салыстыру қағидасы. Аталған қағида қатынастарға қатысушыларға құқық нормаларына сәйкес едәуір дұрыс шешім қабылдауларына және тәртіп нұсқасын іс-жүзіндегі жағдайларда және заң шеңберінде қолдануға мүмкіндік береді.

Заңдылық пен мәдениеттіліктің өзара байланысы. Жалпы және құқықтық мәдениет заңдылықтың моральді-этникалық негізі болып табылады, ал заңдылық өз кезегінде қоғам мәдениетін қалыптастырудағы саяси-құқықтық келісімдердің бірі болып табылады.

Заңдылықтың негізгі талаптары келесіде қорытындыланады:

1. Қалған барлық құқықтық актілерге қатысы бойынша заңның үстемдік құруы. Құқықтық мемлекетте заңның жоғары заңды күші бар. Ол қоғамдық қатынастардың негізін құрап реттеуші, басты болады. Объективті талаптар күшіндегі қатынастар құқықтық ықпал саласында болуы қажет, тәртіп бойынша заңмен реттеледі. Заңға қосымша актілер егер қандай да бір қатынас заңмен реттелмеген жағдайда ғана жарамды. Бұл ретте олар қатаң түрде заңға сәйкес және заң жүзінде шығарылуы қажет.

2. Барлық аумақтарда заңдарды түсіну және қолдану бірлігі, олардың әрекеті. Заңдар уақытша және кеңістіктік әрекет саласында тұрған барлық субъектілерге бірдей талаптарды ұсынады. Федеративті мемлекет заңдарының федерация құрамына енетін барлық мемлекеттік құрылымдар аумағында бірдей күші бар. Заңдардың мәнін және нақты мазмұнын бірдей түсіну құзыретті органдардың және лауазымды тұлғалардың құқық қолдану қызметтерінің заңдылығын қамтамасыз етеді. Ол заңдардың қолданыстағы мағынасына сәйкес келеді және оған енгізілген реттеуші функцияларды іске асырады.

3. Барлық азаматтардың тең мүмкіндіктері заңды қорғауды пайдалану және олардың тең міндеттері олардың ұйғарымдарын қолдану (барлығының заң және сот алдындағы теңдігі). Заңдылықтың қоғамдағы басқа тиімді режимі барлық адамдардың заң және сот алдындағы теңдік жағдайларында ғана болуы мүмкін. Бір жағынан құқық субъектілері оларға жүктелген міндеттерді толық көлемде орындауы, заң талаптарына бағынуы қажет. Басқа жағынан мемлекет олардың заңды құқықтарын және басқа азаматтардың мүдделерін жүзеге асыру үшін барлық қажетті жағдайларды жасауы қажет.

4. Адамдардың құқық пен бостандықты іске асыруы басқа тұлғалардың құқығы мен бостандығын бұзбауы қажет. Құқықтық мемлекет жағдайларында осы талаптардың түбегейлі мағынасы бар, сондықтан бір адамның бостандығы басқаның бостандық зарары үшін жүзеге асырылуы мүмкін емес. Заң мемлекеттің басқа азаматтарының мүдделі құқықтарының есебінен біреудің құқығына қысым жасауға жол бермейді.

5. Заңдылықты және мақсаттылықты қарсы қойып салыстыруға жол бермеу. Сондықтан құқықтық заңдардың өзінде жоғары қоғамдық мақсаттылықтары бар. Оларда

қоғамдық сияқты адамдардың жеке мүдделері де барынша қамтылады. Заңның мақсаттылығы күнделікті тұрмыстағы мақсаттылықпен ескерілмейді. Кейбір лауазымды тұлғалар және азаматтар заң талаптарын бұза отырып, өздерінің құқыққа қайшы әрекеттерін жергілікті және жеке мақсаттылықпен ақтап алады. Олар аталған нақты жағдайларда заңды сақтау мақсатты емес деп дәлелдейді, әрі осы жағдай үшін біршама пайдалы және қажетті көзқараспен оны субъективті құқыққа қайшы әрекеттермен алмастырады.

6. Құқық бұзушылықты жою және тиімді күресу заңдылықтың маңызды талабы. Құқықтық мемлекет құқық бұзушылықтың алдын алу және жою үшін қажетті материалдық, саяси, әлеуметтік және басқа келісімдерді жасайды. Өмірдің қолайлы материалдық жағдайы, халықтың әлеуметтік қорғалуы, елдегі саяси тұрақтылық, әділ құқық қорғау заңдарының болуы заңдылық режимінің шынайы негізін құрайды.

Осыған сүйене отырып, әлеуметтік қатынастар жүйесінде заңдылық жағдайын қалыптастыру мақсатында қолданыстағы заңнаманы қатаң және мүлтіксіз сақтау және орындау жолымен қоғам ұйымдарының мемлекеттік-құқықтық формаларын жетілдіру процесін сипаттайтын саяси-құқықтық құбылыс ретінде заңдылықты анықтауға болады. Құқықтық заңның ішкі құқықтық бірлігі мен құқықтық мемлекеттің жүйелі өзара байланыстарын (оның тарихи дамуының белгілі бір шарасы мен нысанында) есепке алу. Осы құбылыстарды теориялық пайымдау үшін де, оларды шын мәнінде берік бекіту және тиісті қызмет ету үшін де маңызды мәнге ие.

Әдебиеттер тізімі:

1 Абузьяров Н. А. Механизм обеспечения законности. – Алматы: Жеті Жарғы, 2001. – 149 с

2 Қазақстан Республикасының Конституциясы. 30 тамыз 1995ж. (өзгертулер мен толықтырулармен 23.03.2019ж.) <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000>

3 Симамбаев Т. Заң таза болмай, ілгері баспаймыз. Заң газеті. – 2009. – 5 мамыр (№66) – Б.6

4 Демидов А. В. Законность и правопорядок как теоретико-правовые категории // Новая наука: Теоретический и практический взгляд : материалы Междунар. науч.-практ. конф. – Стерлитамак: РИЦ АМИ, 2016. – № 2, ч. 2 (69). – С. 213-215

5 Атабаев Қ. Қазақстан тарихы ғылымын түбегейлі қайта құру жолдары: объективті алғышарттары заңдылықтары және субъективті факторлары (Text), Қазақ тарихы, 2008. – №1. – Б.8

6 Райтер А.В. Законность, как основной принцип правового государства. // Государство и право. – 2016. – №33. – С. 29-34.

## ЗАҢ БІЛІМІН БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ ЖАСТАРДЫ ОТАНШЫЛДЫҚҚА ТӘРБИЕЛЕУ ҚҰҚЫҚТЫҚ НИГИЛИЗММЕН КҮРЕСУДІҢ НЕГІЗІ РЕТІНДЕ

*Ғалы Ж.О., Е.А. Бөкетов атындағы ҚарУ мемлекет және құқық теориясы мен тарихы кафедрасының аға оқытушы, Райханова К.К. - Е.А. Бөкетов атындағы ҚарУ мемлекет және құқық теориясы мен тарихы кафедрасының аға оқытушы*

Отаншылдық тәрбие тұлға қалыптасуының құрамдас бөлігі болып табылады, ол жастардың алған білімдерінің негізінде азаматтық борыш ұстанымымен, жекебастық мүдделері қоғамдық ұстанымдармен астасып жататын тіршілік әрекеті үлгісіне даярлығын қамтамасыз етуі тиіс. Қазірде қазақ халқының дәстүрлері негізінде жүзеге асырылатын отаншылдық тәрбие әлеуметтендіру процесін тұлғаға дәл осы Отанға, Атамекенге қызмет ету арқылы, өз тарихы үшін, өз Отанының әлеуметтік дүниенің ғылымына, мәдениетіне, рухани құндылықтарына қосатын үлесі үшін мақтаныш сезімі арқылы өз қабілеттерін мейлінше терең ашуға мүмкіндік беретін деңгейге жеткізеді.